

Халықаралық Аралды құтқару қоры Атқарушы комитетінің Қазақстан Республикасындағы филиалы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 4 мамырдағы № 269 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 16 ақпандағы № 94 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.02.2024 № 94 қаулысымен.

2013 жылғы 2 тамызда Халықаралық Аралды құтқару қоры Президентінің шешімімен бекітілген Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы комитеті туралы ереженің 29-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықаралық Аралды құтқару қорының Атқарушы комитетіне:

1) Халықаралық Аралды құтқару қоры Атқарушы комитетінің Қазақстан Республикасындағы филиалының (бұдан әрі – Атқарушы комитеттің филиалы) директоры лауазымына тағайындау үшін Болат Қабыкенұлы Бекнияздың кандидатурасы;

2) Атқарушы комитет филиалының директоры лауазымынан Медет Оспанұлы Оспановты босату туралы ұсыныс берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов